

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 29 мамыр 2023 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнай айдау қызметіне тариф бекітілгені туралы хабарлайды

Осымен «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының (Басқарма төрағасының) 2023 жылғы 26 мамырдағы №53 бұйрығымен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырларымен мұнай айдау қызметіне тариф 1000 километрге 1 тонна үшін 10 150, 00 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) бекітілгенін хабарлайды (қолданыстағы тариф 1000 километрге 1 тонна үшін 8 830,51 теңге ҚҚС есептемегенде).

Аталған тариф 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

***Инвесторлармен байланыс қызметі
«ҚазТрансОйл» АҚ***